

## **Элективті пәндер каталогы**

**6B07 - Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**6B071 - Инженерия және инженерлік іс**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0710**

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**B064 - Механика және металл өңдеу**  
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**6B07109 - Тамақ инженериясы**  
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**бакалавр**  
(дайындық деңгейі)

**Оқуға түскен жылы 2024 жыл**

## **Әзірленді**

БББ академиялық комитеті

АК жетекшісі Нұрымхан Гүльнур Несиптаевна

БББ менеджері Тусипов Нурлан Оразханович

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Инженерлік-технологиялық факультетінің академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында  
2024 жылғы 15 қантар № 3 хаттама

Тамақ инженериясы ғылыми-зерттеу мектебінің академиялық сапа жөніндегі комиссия  
отырысында

Университеттің Академиялық кеңесінде бекітуге ұсынылды

2024 жылғы 06 маусым № 1 хаттама

## **БЕКІТІЛДІ**

Университет Академиялық кеңесінің отырысында 2024 жылғы 16 қаңтардағы No3 хаттама.

Университет Академиялық кеңесінің отырысында 2024 жылғы 18 маусымдағы No 6 хаттама.

## Сызба геометрия және инженерлік графика

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 1              |
| Академиялық кредит саны | 7              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста проекциялық сызу тәсілдері қарастырылады. Пәнді оқу технологиялық машиналардың бөлшектері мен түйіндерінің түрлері, тіліктер, қималар арқылы бейнелеу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. ISO және БКҚЖ талаптарына сәйкес сызбаларды жобалау және орындау ережелері зерттеледі. Пәнді оқу жаңа технологиялық машиналар мен жабдықтарды құру кезінде қажетті сызбаларды жасау үшін маманның кеңістіктік және логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Кеңістіктік қиял және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; жазықтықта түрлі сызбалар салу теориялық негіздерін зерттеу; КҚБЖ (Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі) және халықаралық ISO стандарттар бойынша сызуларды орындау, жетілдіру және оларды оқу.

### Оқыту нәтижелері

ОНЗ Жобалау, техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, оның сараптамасын және жобалау шешімдерінің техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Технологиялық машиналардың бөлшектері мен тораптарын бейнелеу үшін проекциялық сызу тәсілдерін қолданады
- 2) Сызбаларда көріністерді, тіліктерд және қималарды, құрастыру сызбасының деталдауын орындайды
- 3) ISO халықаралық стандарттарының және КҚБЖ талаптарын ескере отырып, әртүрлі нысандардың сызбаларын әзірлейді және оқиды

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Машинажасау технологиясы Технологиялық машиналарды жобалаудың автоматтандырылған жүйесі Өнеркәсіптік құрылыс негіздері

## Теориялық және қолданбалы механика

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 1              |
| Академиялық кредит саны | 7              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста теориялық механика және материалдар кедергісі элементтері зерттеледі. Статика, кинематика және динамика мәселелері қарастырылады. Материалдардың созылу, қысу, иілу және бұралу әрекеті зерттеледі. Әр түрлі жүктемелер кезіндегі шекті және рұқсат етілген кернеулер. Технологиялық машиналардың жұмыс органдарының деформациясының әртүрлі түрлеріндегі беріктікті есептеу негіздері. Оқу нәтижесінде студент технологиялық машиналардың типтік түйіндері мен бөлшектерін есептеп, құрастыра алады, олардың жұмысын бағалай алады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Саланың жаңа жабдықтарын құру немесе қолданыстағы жабдықтарын модернизациялауда және сенімді пайдалануда қажет механикалық құбылыстарды, жобалау мен құрастырудың жалпы принциптерін, технологиялық машиналардың жұмыс қабілеттілігінің негізгі критерийлерін ескере отырып, модельдерін құрастыру және есептеу алгоритмдерін оқып үйрену

### Оқыту нәтижелері

ОНЗ Жобалау, техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, оның сараптамасын және жобалау шешімдерінің техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Материалдар кедергісінің негізгі теңдеулерін қолданады
- 2) Механикалық берілістерді жобалайды
- 3) Механизмдер мен машиналардың бөлшектері мен тораптарын есептейді

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері Ет және сүт өндірісінің технологиялық жабдықтарын есептеу және құрастыру Тамақ өндірісінің технологиялық жабдықтарын есептеу және құрастыру

## Теориялық механика

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 1              |
| Академиялық кредит саны | 7              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Осы пәнде оқытылады статика, негізгі ұғымдар мен анықтамалар; статика аксиомалары, байланыстар реакциялары, байланыстары, байланыстар аксиомалары; кинематика, нүкте қозғалысын берудің векторлы, координаталы, табиғи тәсілдері, жылдамдық траекториясы мен нүкте жылдамдығын анықтау, қатты дененің ілгерлемелі және айналу қозғалысы, динамика заты мен міндеттері; нүкте динамикасы, нүкте қозғалысының дифференциалды теңдеуі; механикалық жүйе динамикасы; механикалық жүйе қозғалысы саны мен массасы центрі қозғалу ортасын сақтау заңы. Білім алушы оқыту нәтижесінде машиналардың кинематикалық есептеу схемаларын құра алады, машина механизміне кинематикалық талдау жасай алады, машина бөлшектерінде пайда болатын динамикалық жүктемелерді анықтай алады.

## Пәнді оқыту мақсаты

"Теориялық механика" пәнін оқытудың мақсаты материалдық денелердің қозғалысы мен тепе- теңдігіне бағынатын және денелер арасында өзара әрекеттесетін жалпы заңдылықтарды зерттеу болып табылады

## Оқыту нәтижелері

ON3 Жобалау, техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, оның сараптамасын және жобалау шешімдерінің техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Машина бөлшектерінде пайда болатын динамикалық жүктемелерді анықтайды
- 2) Машина механизмінде кинематикалық талдау жасайды
- 3) Машиналардың кинематикалық есептеу сұлбаларын жасайды

## Пререквизиттер

Мектеп курсы

## Постреквизиттер

Механизмдер мен машиналар теориясы Материалдар кедергісі Машиналар элементтерін есептеу негіздері

## Механизмдер мен машиналар теориясы

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

## Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста жазық рычаг механизмдерінің құрылысы мен жұмыс принципі зерттеледі. Иінді-шатун механизмін аналитикалық және графикалық тәсілдермен кинематикалық есептеу әдістемесі; жылдамдық пен үдеу жоспарларын құру әдістемесі; жұдырықшалы механизмдер мен тісті берілістердің құрылысы, жұмыс принципі және есептеу негіздері оқытылады. Курсты аяқтағаннан кейін студенттер жұмыс жағдайларын ескере отырып, механикалық жүйелерді жобалаудың типтік әдістерін қолдана алады.

## Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушылардың машиналарды есептеу және жобалаудың негізгі кезеңдері, механизмдер мен машиналардың сенімді жұмысын үйлестіруге ықпал ететін есептеудің оңтайлы әдістері саласында білім алуы.

## Оқыту нәтижелері

ON4 Пайдалану шарттарын ескере отырып механикалық жүйелерді жобалаудың типтік әдістерін қолдану

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жаңа білім алу үшін заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдаланады
- 2) Машиналардың есептеу және кинематикалық схемаларын жасайды
- 3) Механизмдер мен машиналардың бөлшектері мен тораптарын жобалайды

## Пререквизиттер

Өзара алмасымдылық, стандарттау және техникалық өлшемдер

## Постреквизиттер

Конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері Ет және сүт өндірісінің технологиялық жабдықтарын есептеу және құрастыру Тамақ өндірісінің технологиялық жабдықтарын есептеу және құрастыру

## Өнеркәсіптік құрылыс негіздері

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

## Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының өндірістік ғимараттарының түрлері және олардың көлемдік - жоспарлау, функционалдық, құрылымдық белгілері, пайдалану режимі бойынша жіктелуі туралы түсінік беріледі. Тамақ өндірісінің өнеркәсіптік ғимараттарына қойылатын нормативтік құжаттар мен ҚНЖЕ. Тамақ өндірісі үшін ғимараттардың жобаларын әзірлеу. Заманауи құрылыс материалдары мен конструкцияларын, сантехникалық бұйымдарды қолдана отырып, ғимараттарды салу және жөндеу шығындарын есептеу.

## Пәнді оқыту мақсаты

Көлемді-орналастыру, функционалдық, конструктивтік белгілері бойынша өнеркәсіп ғимараттарының түрлерін және олардың классификациясын зерттеу.

## Оқыту нәтижелері

ON3 Жобалау, техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, оның сараптамасын және жобалау шешімдерінің техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Тамақ өндірісі технологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, тамақ өнеркәсібінің ғимараттары мен құрылыстарын жобалайды
- 2) Технологиялық жабдықты орналастыру жоспарын жасайды
- 3) Құрылыс сызбаларын және оларға түсіндірме жазбаларды ресімдейді

## Пререквизиттер

Сызба геометрия және инженерлік графика

## Постреквизиттер

Ет және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының жобалық инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жобалық инжинирингі

## Гидравлика

|           |                |
|-----------|----------------|
| Пән циклі | Базалық пәндер |
|-----------|----------------|

|                         |         |
|-------------------------|---------|
| Курс                    | 2       |
| Академиялық кредит саны | 5       |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Осы курста гидростатика және гидродинамика бөлімдері оқытылады. Тепе-теңдік заңдары мен сұйықтық қозғалысының заңдары қарастырылады. Гидродинамиканың негізгі теңдеулері зерттеледі. Құбырлардағы сұйықтықтың қозғалыс режимдері. Құбырдың ұзындығы бойынша және жергілікті кедергілерде гидравликалық кедергіні еңсеруге арналған тегеуріннің жоғалуы. Құбырөткізгіштердің гидравликалық есептелуі. Гидравликалық соққы құбылысы. Сұйықтықтардың тесіктер мен саптамаларда ағып шығуы. Гидравликалық машиналар. Ортадан тепкіш сорғылардың негізгі жұмысшы көрсеткіштері. Оқыту нәтижесінде студент гидравликалық зерттеулерде қолданылатын негізгі әдістердің мәнін түсінеді және оларды кәсіби қызметте қолданады, құбыр жүйесін қысымның төмендеуі тұрғысынан бағалайды және сұйықтықты тасымалдау үшін сорғы-құбырөткізгіш жүйесін жобалайды.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Гидравлика бойынша теориялық білім алу және қолданбалы есеп түрлерін есептеу тәсілдерін және гидравликаның негізгі заңдарын практикада қолдануды игеру.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Тамақ өнімдерін өндіру кезінде технологиялық процестерді игеру үшін жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдарын қолдану

ON5 Гидравликалық жүйелерді, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін есептеуді жүргізу

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Өзінің пәндік саласында базалық және жалпы білім беретін білімді пайдаланады және олардың әдістерін кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданады;
- 2) Гидравликалық зерттеулерде қолданылатын негізгі әдістердің мәнін түсінеді
- 3) Қысымның төмендеуі тұрғысынан құбыр жүйесін бағалайды және сұйықтықты тасымалдауға арналған сорғы-құбыр жүйесін жобалайды

### **Пререквизиттер**

Физика

### **Постреквизиттер**

Гидропневматикалық машиналар және жетектер Ет және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының желдету жүйелерінің инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының желдету жүйелерінің инжинирингі Суды дайындаудың физика-химиялық әдістері Тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің энергиялық жүйелері Сумен қамтамасыз ету, канализация және жылу жүйелерінің негіздері

## **Гидрогазодинамика және жылуассалмасу**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста гидрогазодинамика, жылуалмасу және массаалмасу заңдары, энергияны түрлендіру негіздері зерттеледі. Сұйықтықтар мен газдардың физикалық қасиеттері қарастырылады. Сұйықтар мен газдардың тепе-теңдік және динамика заңдары; құбырларды есептеу әдістері; термодинамиканың бірінші және екінші заңдары; жылуды тарату тәсілдері; жылуөтудің негізгі теңдеуі зерттеледі. Білім алушы курсты оқу нәтижесінде гидрогазодинамика мен жылу-масса алмасудың негізгі заңдарын қолдана алады және тамақ өнеркәсібінде қолданылатын нақты процестер мен құбылыстардың гидравликалық және термодинамикалық есептеулерін жүргізе алады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Гидрогазодинамика заңдарын, энергияның түрлену негіздерін, термодинамика және жылу және масса алмасу заңдарын игеру.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Тамақ өнімдерін өндіру кезінде технологиялық процестерді игеру үшін жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдарын қолдану

ON5 Гидравликалық жүйелерді, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін есептеуді жүргізу

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Өзінің пәндік саласында базалық және жалпы білім беретін білімді пайдаланады және олардың әдістерін кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданады
- 2) Гидрогазодинамика және жылуаңықалмасудың негізгі заңдары қолданады
- 3) Тамақ саласында қолданылатын нақты процестер мен құбылыстардың гидравликалық және термодинамикалық есептеулерін жүргізеді

### **Пререквизиттер**

Физика

### **Постреквизиттер**

Гидропневматикалық машиналар және жетектер Ет және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының желдету жүйелерінің инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының желдету жүйелерінің инжинирингі Суды дайындаудың физика-химиялық әдістері Тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің энергиялық жүйелері Сумен қамтамасыз ету, канализация және жылу жүйелерінің негіздері

## **Тиіп-түсіру және көлік-қойма жұмыстарын механикаландыру**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста білім алушылар тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында жүзеге асырылатын жүк тиіп-түсіру және көлік-қойма

жұмыстары үшін қолданылатын көтергіш-көлік машиналары мен механизмдерінің негізгі конструкцияларымен және жұмыс істеу қағидатымен танысады, көтергіш-көлік машиналары мен олардың тораптарын есептеу және құрастыру дағдыларын меңгереді, алынған нәтижелерді сыни бағалай алады. Мұнда үздіксіз әрекетті көлік машиналары, жүктерді көтеру механизмдері, жүк көтергіш машиналардың қозғалыс механизмдері зерттеледі.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Тиеп-түсіру және тасымалдау машиналары мен механизмдерінің негізгі құрылымдарымен танысу, машиналар мен түйіндерді құрастыру туралы білімдерін қалыптастыру.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON5 Гидравликалық жүйелерді, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін есептеуді жүргізу

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Өзінің пәндік саласында базалық және жалпы білім беретін білімді пайдаланады және олардың әдістерін кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданады;
- 2) Көтергіш-көлік машиналары мен механизмдерінің конструкцияларын талдайды
- 3) Тиеу-түсіру және көлік-қойма жұмыстарын механикаландырудың тиімді схемаларын таңдайды

#### **Пререквизиттер**

Физика

#### **Постреквизиттер**

Тамақ өндірісінің жылу және масса алмасу процестері мен аппараттары Технологиялық процестерді математикалық және компьютерлік моделдеу негіздері Жылу-масса алмасу

### **Сұйықтықтың және газдың механикасы**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста сұйықтық пен газ механикасының негізгі ұғымдары мен анықтамалары қарастырылады; сұйықтық пен газдың тепе-теңдік теңдеулері; сұйықтық пен газдың жалпы қозғалыс теңдеулері; үзіліссіздік теңдеуі; идеал және нақты сұйықтық үшін Бернулли теңдеуі; әртүрлі қимадағы құбырлардағы сұйықтық пен газдың қозғалыс режимдері; гидравликалық тегіс және гидравликалық кедір-бұдыр құбырлар; соққы толқынының таралу жылдамдығы; екі фазалы ағындар. Оқуды аяқтағаннан кейін студент гидромеханиканың теориялық ережелерін практикалық мәселелерді шешуге қолдана алады, құбыр жүйелерін есептеу мәселелерін шеше алады.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Білім алушылардың сұйықтық және газ механикасы, гидравликалық машиналар және газ тәрізді сұйықтықтарды өңдеуге және жылжытуға арналған басқа да құрылғылар саласында теориялық білім алуы, мамандық бойынша арнайы пәндер мен практикалық қызметті одан әрі зерделеу үшін қажетті қолданбалы есептерді шешу әдістерін меңгеруі.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Тамақ өнімдерін өндіру кезінде технологиялық процестерді игеру үшін жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдарын қолдану

ON5 Гидравликалық жүйелерді, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін есептеуді жүргізу

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Өзінің пәндік саласында базалық және жалпы білім беретін білімді пайдаланады және олардың әдістерін кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданады;
- 2) Гидромеханиканың теориялық ережелерін практикалық есептерді шешуге қолданады
- 3) Құбыр жүйелерін есептеу бойынша есептерді шешеді

#### **Пререквизиттер**

Физика

#### **Постреквизиттер**

Гидропневматикалық машиналар және жетектер Ет және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының желдету жүйелерінің инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының желдету жүйелерінің инжинирингі Суды дайындаудың физика-химиялық әдістері Тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің энергиялық жүйелері Сумен қамтамасыз ету, канализация және жылу жүйелерінің негіздері

### **Тамақ өндірісінің механикалық және гидромеханикалық процестері және аппараттары**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курс білім алушыларға технологиялық процестер мен тамақ өндірісінің аппараттарын есептеудің жалпы принциптері; процестердің қозғаушы күштері туралы білім береді. Модельдеу және ұқсастық теориясының негіздері; шикізаттың және дайын өнімдердің негізгі қасиеттері қарастырылады. Мұнда механикалық және гидромеханикалық процестердің жіктелуі мен теориялық негіздері; аппараттардың құрылысы мен жұмыс принципі зерттеледі. Білім алушылар механикалық және гидромеханикалық процестер мен аппараттарды есептеу дағдыларын меңгереді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

«Тамақ өндірісінің механикалық және гидромеханикалық процестері және аппараттары» пәнің игеру мақсаты студенттердің технологиялық процестері, аппараттар мен машиналар саласындағы білім негіздерін алуы болып табылады, оларды маман (бакалавр) мамандығы бойынша жұмыс істеу кезінде өзінің әрі қарайғы практикалық қызметінде қолдану.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON5 Гидравликалық жүйелерді, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін есептеуді жүргізу

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Өзінің пәндік саласында базалық және жалпы білім беретін білімді пайдаланады және олардың әдістерін кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданады
- 2) Негізгі технологиялық процестерді жүргізуге арналған жабдықты сыныптайды және механикалық және гидромеханикалық процестер мен аппараттарды есептеуді орындайды
- 3) Дайын өнімді алу үшін технологиялық параметрлерді көрсете отырып, материалдарды өңдеудің технологиялық процестерін түсіндіреді

### Пререквизиттер

Физика

### Постреквизиттер

Тамақ өндірісінің жылу және массаалмасу процестері мен аппараттары Технологиялық процестерді математикалық және компьютерлік моделдеу негіздері Жылу-масса алмасу

## Технологиялық машиналардың сенімділігі

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста технологиялық машиналардың сенімділігі теориясының негізгі ережелері зерттеледі. Технологиялық машиналардың сенімділігінің бағалау көрсеткіштері. Пайдалану кезінде машинаның жұмыс қабілеттілігінің өзгеруі және оның бұзылу себептері. Технологиялық машиналар сенімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау әдістері. Жобалау кезінде бөлшектердің: біліктердің, нығыздалған қосылыстардың, бұрандалы қосылыстардың, дәнекерленген қосылыстардың, үштіректердің сенімділігін есептеу. Технологиялық машиналардың сенімділігін қамтамасыз ету және арттыру шаралары.

### Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушылардың технологиялық машина, гидравликалық машина және басқа да тамақ өнімдерін беріп тұратын, тасымалдайтын және өңдейтін құрылғылардың сенімділігі туралы білім алуы.

### Оқыту нәтижелері

ON6 Технологиялық машиналар мен жабдықтарды монтаждауды, пайдалануды және жөндеуді жүргізу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жабдықтың істен шығу ықтималдығын, технологиялық жабдықтың қалдық ресурсын тексеруді бағалайды
- 2) Технологиялық машиналарды жобалау, дайындау және пайдалану процесінде олардың сенімділігін қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі шараларды әзірлейді
- 3) Технологиялық машиналар сенімділігінің типтік есептерін жүзеге асырады

### Пререквизиттер

Конструкциялық материалдар технологиясы

### Постреквизиттер

Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Май өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Кондитерлік өнеркәсіп кәсіпорындарының инжинирингі Ет өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының инжинирингі

## Өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 3              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау» пәні өнеркәсіптік сипаттағы өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау негіздері, оның тиімді қызметін бағалау әдістері туралы әртүрлі түсінік береді. Сондай-ақ кәсіпорынның өндірістік тәуекелдері мен залалдарын талдау және болжау, оның ішінде оларды тез арада жою тәсілдері. Білім алушылар кәсіпорынның өнеркәсіптік өндірісін іске асыру, ұйымдастыру және жоспарлау саласында білім мен дағдыға ие болады.

### Пәнді оқыту мақсаты

"Өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау" пәнін оқытудың мақсаты - кәсіпорындарда өндіріс пен өндірістік инфрақұрылымды ұйымдастыру мен жоспарлаудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерделеу.

### Оқыту нәтижелері

ON8 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың цехтары мен учаскелерінің жобаларын әзірлеу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жеке және топ мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу қабілетін көрсетеді;
- 2) Өндірістік тапсырмаларды орындаушылардың шағын еңбек ұжымдарының жұмысын ұйымдастырады;
- 3) Өндірісті жоспарлау және ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ бекітілген нысандар бойынша белгіленген есептілік бойынша техникалық құжаттама жасайды.

### Пререквизиттер

Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

### Постреквизиттер

Диплом алдындағы практика Өндірістік практика III

## Өзара алмасушылық негіздері

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста өзара алмасушылықтың негіздері зерттеледі; ауытқу шегінің жүйелері туралы түсінік; әртүрлі қосылыстардың функционалды өзара алмасу принциптері: цилиндрлік, конустық, бұрандалы қосылыстардың, буатты және шлицті, тісті және буынтықты берілістердің, домалау үштіректердің. Оларды бақылау әдістері мен құралдары. Толқынды, кедір-бұдыр, беттердің пішіні мен орналасуынан ауытқулар және оларды бақылау. Өлшеу тізбектерін есептеу және құрастыру теориясы мен практикасының негізгі ережелері. Оқыту нәтижесінде білім алушы бұйымдар мен оларды дайындау процестерінің технологиялылығын қамтамасыз ету қабілетін көрсетеді, бұйымдарды дайындау кезінде технологиялық тәртіптің сақталуын бақылайды, технологиялық машиналар мен жабдықтарды техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу үшін қолданылатын конструкциялық материалдарды пайдаланады, жобалау кезінде физиканың математикалық әдістері мен заңдарын қолданады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Өзара алмасушылық, шақтамалар және қондырмалар, оларды бақылау әдістері мен құралдары туралы білім алу.

**Оқыту нәтижелері**

ON6 Технологиялық машиналар мен жабдықтарды монтаждауды, пайдалануды және жөндеуді жүргізу

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Бұйымдар мен оларды дайындау процестерінің технологиялылығын қамтамасыз ету қабілетін көрсетеді, бұйымдарды дайындау кезінде технологиялық тәртіптің сақталуын бақылайды

2) Технологиялық машиналар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу үшін қолданылатын конструкциялық материалдарды пайдаланады

3) Жобалау кезінде математикалық әдістер мен физика заңдарын қолданады

**Пререквизиттер**

Сызба геометрия және инженерлік графика

**Постреквизиттер**

Конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері

**Машиналар элементтерін есептеу негіздері**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс студенттердің машина элементтерін есептеу бойынша білім алуына бағытталған. Курста технологиялық машиналардың жіктелуі, оларды пайдалану шарттарын ескере отырып, технологиялық машиналардың элементтерін жобалау әдістері зерттеледі. Кривошип-шатунды механизмдердің, мальта кресті механизмдерінің, храпты, жұдырықшалы механизмдердің құрылымын, жұмыс принципін және негізгі есептік тәуелділіктерін зерттеу. Тісті, белдік, шынжырлы, үйкеліс берілістерінің құрылымы мен жұмыс принципін зерттеу. Оқыту нәтижесінде студент негізгі механизмдерді жіктей алады, механизмдер мен машиналарға кинематикалық талдау жасай алады, оларды есептей алады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Машиналар мен аппараттардың элементтерін есептеу саласында білім алу.

**Оқыту нәтижелері**

ON4 Пайдалану шарттарын ескере отырып механикалық жүйелерді жобалаудың типтік әдістерін қолдану

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Жаңа білім алу үшін заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдаланады

2) Негізгі механизмдерді жіктейді, олардың есебін жүргізеді

3) Механизмдер мен машиналарға кинематикалық талдау жүргізеді

**Пререквизиттер**

Өзара алмасымдылық, стандарттау және техникалық өлшемдер

**Постреквизиттер**

Конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері

**Технологиялық машиналарды жобалаудың автоматтандырылған жүйесі**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл пән технологиялық машиналарды жобалаудың автоматтандырылған жүйесін зерттейді. Білім алушылар «Компас» графикалық редакторымен жұмыс істеу дағдыларын алады: түрлерді, тіліктерді және қималарды орындайды, штрихтауды және өлшемдер мен шартты белгілерді қоюды үйренеді. 2D және 3D форматындағы бөлшектердің жұмыс сызбаларын және технологиялық машиналардың құрастырма сызбаларын орындайды, құрастыру сызбаларына спецификацияны жасайды, жобалық құжаттаманы жасау үшін қажетті білім мен дағдыларды алады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Білім алушылардың технологиялық машиналарды автоматтандырылған жобалау жүйелері саласында білім негіздерін алуы.

**Оқыту нәтижелері**

ON3 Жобалау, техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, оның сараптамасын және жобалау шешімдерінің техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Ақпаратты алудың, қайта өңдеуді сақтаудың негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын, ақпаратты басқару құралы ретінде компьютермен жұмыс істеу дағдыларын пайдаланады



- 2) Кеңістіктік формаларды талдайды және синтездейді
- 3) Процестерді жобалау кезінде ақпараттық технологияларды қолданады

#### **Пререквизиттер**

Сызба геометрия және инженерлік графика

#### **Постреквизиттер**

Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Май өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Кондитерлік өнеркәсіп кәсіпорындарының инжинирингі Ет өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының инжинирингі

### **Сапа менеджментінің жүйесі**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарындағы сапа менеджменті жүйесі зерттеледі. Шикізаттың, жартылай фабрикаттардың және дайын өнім сапасының негізгі көрсеткіштері туралы баяндалады. Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері қарастырылады. ISO халықаралық стандарттарының сапа менеджменті мен сапа элементтеріне қойылатын талаптары. ҚР стандарттау және метрологияның заңнамалық және нормативтік базасы зерттелуде. Кәсіпорында сапа менеджмент жүйесінің енгізудің әсері бағаланады.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Сапа менеджментінің жүйесі бойынша білімдер алуы.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON6 Технологиялық машиналар мен жабдықтарды монтаждауды, пайдалануды және жөндеуді жүргізу

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Сапа менеджменті жүйесінің жұмысын жақсарту үшін ақпараттық технологияларды пайдаланады
- 2) Сапаны басқарудағы міндеттерді шешеді
- 3) Сапа менеджменті жүйесін нормативтік сүйемелдеуді жүзеге асырады

#### **Пререквизиттер**

Конструкциялық материалдар технологиясы

#### **Постреквизиттер**

Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Май өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Кондитерлік өнеркәсіп кәсіпорындарының инжинирингі Ет өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының инжинирингі

### **Материалдар кедергісі**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста біліктердің, өстердің, дөңгелектердің, шкивтердің және технологиялық машиналардың басқа бөлшектерінің жүктелген күйдегі әрекет ету мәселелері қарастырылады. Әртүрлі жүктемелерде эпюраларды құру әдістері сипатталған. Күш, момент, кернеулер және деформацияның маңызды ұғымдары қарастырылады. Созылу, қысылу, иілу, бұралу кезіндегі материалдың негізгі механикалық қасиеттері мен сипаттамалары зерттеледі. Беріктікті, қажуды, қаттылықты, тұрақтылықты есептеу әдістері сипатталған.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Қажетті сенімділік және ұзақ мерзімділікке сәйкес машиналар мен аппараттарды дайындағанда жүргізілетін есептеу әдістері, рационалды және тиімді конструкциялар мен машина бөлшектері, жаңа материалдары пайдалану туралы білім алу.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON4 Пайдалану шарттарын ескере отырып механикалық жүйелерді жобалаудың типтік әдістерін қолдану

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Жаңа білім алу үшін заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдаланады
- 2) Конструкция элементтерінің беріктігіне, қаттылығына және орнықтылығына есептеу әдістерін қолданады
- 3) Берілген статикалық, динамикалық және ауыспалы жүктемелер кезінде дененің кернеулі және деформацияланған күйін зерттейді

#### **Пререквизиттер**

Өзара алмасымдылық, стандарттау және техникалық өлшемдер

#### **Постреквизиттер**

Конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері Ет және сүт өндірісінің технологиялық жабдықтарын есептеу және құрастыру Тамақ өндірісінің технологиялық жабдықтарын есептеу және құрастыру

### **Машинажасау технологиясы**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста тамақ өндірісіндегі машинажасаудың негіздері зерттеледі. Технологиялық машиналар мен жабдықтарды жасау

үшін қолданылатын материалдар. Металл өңдеу станоктарының түрлері, құрылымы және жұмыс принципі. Дайындамалар мен бөлшектерді өңдеу бойынша негізгі технологиялық операциялар: кесу, фрезерлеу, тегістеу, бұрғылау, шынықтыру. Осы операцияларды орындау үшін металл кесетін құралдар. Дайындамалар мен бөлшектерді өңдеуге арналған құрылғылар. Бөлшектерді дайындаудың технологиялық процестерін жасау. Құрастыру сызбаларын технологиялық бақылау. Қосылыстарды құрастыру.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Білім алушылардың машинаны құрастырудағы технологиялық процесс саласы бойынша білім негізін игеру.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН3 Жобалау, техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, оның сараптамасын және жобалау шешімдерінің техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Технологиялық процестерді орындау кезінде металдарды өңдеудің заманауи әдістерін қолданады
- 2) Станоктық жабдықта жұмыс істеу кезінде технологиялық процестерді басқарады
- 3) Бөлшектерді өңдеу бойынша технологиялық процестерді ұйымдастыруда қажетті жарақтар мен құралдарды пайдаланады

### **Пререквизиттер**

Сызба геометрия және инженерлік графика

### **Постреквизиттер**

Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Май өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Қондитерлік өнеркәсіп кәсіпорындарының инжинирингі Ет өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының инжинирингі

## **Шығындарды басқару**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 3              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

"Шығындарды басқару" курсының мақсаты студенттердің шығындарды басқару құзыреттілігін қалыптастыру, шығындарды басқару саласында аналитикалық жұмыс жүргізу мүмкіндігі болып табылады. Бұл пән студенттерде шығындардың мәнін және оларды басқару негіздерін түсіну үшін қажетті теориялық білім жиынтығын, сондай-ақ шығындарды стратегиялық басқару мақсаттары үшін қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Оқыту нәтижесінде студент талдау жүргізіп, шығындардың тиімділігін бағалай алады, шығындарды азайту шараларын анықтай алады, шығындарды азайтудың әсерін есептей алады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Шығындарды азайту мақсатында нарықтық экономика жағдайында өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау және басқару саласындағы мәселелерді ашу.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН8 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың цехтары мен учаскелерінің жобаларын әзірлеу

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Жеке және топ мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу қабілетін көрсетеді;
- 2) Техникалық құжаттаманы (жұмыс кестелерін, нұсқаулықтарды, жоспарларды, сметаларды, материалдарға, жабдықтау және т. б. өтінімдер), сондай-ақ бекітілген нысандар бойынша белгіленген есептілікті жасайды;
- 3) Орындаушылардың шағын ұжымдарының жұмысын ұйымдастырады.

### **Пререквизиттер**

Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

### **Постреквизиттер**

Ет және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының жобалық инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жобалық инжинирингі

## **Тамақ өнімдерін өңдеудің физикалық тәсілдері**

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 5              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курс шикізатты өңдеудің электрофизикалық әдістерін зерттейді: тағамды инфрақызыл өңдеу, жоғары жиілікті тағамды өңдеу, электроконтакттілі тамақ әдістері, электростатикалық өрісті өңдеу, электрофлотация. Термофизикалық өңдеу әдістері. Азық-түлікті өңдеудің акустикалық әдістері: ультрадыбыстық, импульстік және пульсациялық өңдеу әдістері. Өнімдерді термиялық өңдеуден кейін физика-химиялық қасиеттері мен биологиялық құндылығының өзгеруі қарастырылады. Білім алушы алған білімдерін процестер мен жұмыс органдарының жалпы инженерлік есептеулерін жүргізу үшін қолданады және тиісті жабдықты таңдайды.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Тамақ өнімдерін өңдеудің физикалық тәсілдері, сонымен қатар инженерлі физика-химиялық механика (инженерлі реология) туралы білімдерін игеру.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН5 Гидравликалық жүйелерді, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін есептеуді жүргізу

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Өзінің пәндік саласында базалық және жалпы білім беретін білімді пайдаланады және олардың әдістерін кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданады
- 2) Тамақ өндірісі технологиясында өңдеудің прогрессивті физикалық әдістерін қолданады
- 3) Тамақ өнімдерінің сипаттамаларын анықтайды

## Пререквизиттер

Физика

## Постреквизиттер

Тамақ өндірісінің жылу және масса алмасу процестері мен аппараттары Технологиялық процестерді математикалық және компьютерлік моделдеу негіздері Жылу-масса алмасу

## Кәсіпорын экономикасы

|                         |                |
|-------------------------|----------------|
| Пән циклі               | Базалық пәндер |
| Курс                    | 2              |
| Академиялық кредит саны | 3              |
| Білімді бақылау нысаны  | Емтихан        |

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Экономикалық реформалардың қазіргі кезеңінде экономикада, әсіресе микроэкономикалық деңгейде елеулі өзгерістер орын алуда: кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің сипаты мен әдістері өзгеруде. Бұл курста кәсіпорынның ресурстары, оларды пайдалану тиімділігі, рентабельділігі және кәсіпорын қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар берілген курста кәсіпорынның өндірістік қуаты мен капиталын оңтайландыру мақсатында еңбек ресурстарын ынталандыру әдістері.

### Пәнді оқыту мақсаты

"Кәсіпорын экономикасы" пәнін оқытудың мақсаты - нарық жағдайында кәсіпорын қызметінің экономикалық механизмін зерттеу негізінде білім алушыларда экономикалық ойлауды дамыту, экономика, кәсіпорын қызметін ұйымдастыру және технологиялық жабдықтарды пайдалану саласында терең теориялық білім мен практикалық тәжірибені қамтамасыз ету.

### Оқыту нәтижелері

ON8 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың цехтары мен учаскелерінің жобаларын әзірлеу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жеке және топ мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу қабілетін көрсетеді;
- 2) Жобалық шешімдердің техникалық-экономикалық негіздемесін бағалайды;
- 3) Жекелеген қызметкерлердің іс-әрекеттеріне басшылық етумен байланысты қызметті ұйымдастырады.

## Пререквизиттер

Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

## Постреквизиттер

Диплом алдындағы практика Өндірістік практика III

## Технологиялық машиналарды жинақтау және пайдалану

|                         |                   |
|-------------------------|-------------------|
| Пән циклі               | Бейіндеуші пәндер |
